- ▶ Концентрлі сұйық жуғыш құралды 2 бөлімге құюдың алдында сұйылту қажет болады.
- ▶ Сұйық жуғыш құралды тиімді пайдалануға кірмен бірге кір жуатын машинаның барабанына салатын мөлшерлеуші шарикті пайдаланған жағдайда қол жеткізуге болады.
- ▶ Кейінге қалдырылған бастау жағдайында сұйық жуғыш құрал пайдаланбаңыз.
- ▶ Бағдарламаны таңдау кестесіне сәйкес және киімнің затбелгісіндегі жуу және күтім жасау нұсқауларын ескере отырып, бағдарлама баптауларын мұқият таңдаңыз.


6-5



## 6.7 Кір жуғыш машинаны қосу

Машинаны қосу үшін мына тұтқаны кез келген жаққа бұраңыз (Выкл (Сөнд)-ден басқа). Машинаны сөндіру үшін, тұтқаны Выкл (Сөнд.) қалпына бұраңыз (6-5 сур.).

6-6



## 6.8 Бағдарламаны таңдау

Жуудың жақсы нәтижелеріне қол жеткізу үшін ластану дәрежесі және жуылатын кірдің типіне біршама жарамды бағдарламаны таңдаңыз. Бағдарламаларды ауыстырып қосқыш тұтқасын бұрау арқылы (6-6 сур.) сәйкес бағдарламаны таңдаңыз. Бұл жағдайда дисплейде үнсіз келісім бойынша баптаулар көрсетіледі.



### Ескерту: иісті кетіру

Алғашқы кір жуу алдында әлеуетті зиянды заттар және қоқыстан тазарту мақсатында контейнер бөліміне (1) аз мөлшерде жуғыш құрал құйып немесе арнайы тазартатын құрал қолданып, кір салмастан «Самоочистка» (Өзін-өзі тазалау) бағдарламасын қосу керек.

6-7




## 6.9 Дербес баптауларды қосу

Қажетті функциялар мен баптауларды таңдаңыз (6-7 сурет); «Басқару панелі» бөлімін қараңыз.

### 6.10 Жуу бағдарламасын іске қосу

Іске қосу үшін «Старт/Пауза» (Бастау/Үзіліс) батырмасын басыңыз (6-8 сурет). Машина берілген баптауларға сәйкес жұмыс істейтін болады. Бағдарламаны жойған кезде ғана өзгертулер енгізуге болады.



### 6.11 Тоқтату – жуу бағдарламасын болдырмау

Ағымдағы бағдарламаны тоқтату үшін «Старт/Пауза» (Бастау/Үзіліс) батырмасын басыңыз. Батырма үстіндегі жарық диодты индикатор жыпылықтай бастайды. Жұмысты жаңғырту үшін батырмаға тағы бір рет басыңыз.

Іске қосылған бағдарламаны және оның барлық дербес баптауларын болдырмау үшін:

1. Қосылған бағдарламаны тоқтату үшін «Старт/Пауза» (Бастау/Үзіліс) батырмасын басыңыз.
2. «Отжим» (Сығу) бағдарламасын таңдау үшін тұтқаны бұрып және суды ағызу үшін «Отжим» (Сығу) басыңыз («**U**» «Отжим» (Сығу) таңдаңыз).
3. Кейін бағдарламаны таңдап, оны қосыңыз.

### 6.12 Жуудан кейін



#### Ескерту: есікті бұғаттау

- ▶ Қауіпсіздік үшін жуу циклін орындау кезінде есік жартылғай бұғатталады. Есікті тек жуу аяқталғаннан кейін немесе бағдарламаны дұрыс тоқтатқаннан кейін (жоғарыда сипатталғандай) ашуға болады.
- ▶ Су деңгейі жоғары немесе температурасы жоғары болған жағдайда, сонымен қатар, сығу кезінде есікті ашу мүмкін емес; бұл жағдайда дисплейде «**Loct**» коды шығады.

1. Бағдарлама циклі аяқталған кезде дисплейде **End** (Соңы) жазуы жанады.
2. Кір жуатын машина автоматты түрде өшеді.
3. Үтіктеуді жеңілдету және қыртыстардың пайда болуының алдын алу үшін кірді неғұрлым жылдам шығару керек.
4. Су беруді өшіріңіз.
5. Электрлік қуат беру шнурын ажыратыңыз.
6. Ылғалдың жинақталуы және иістің пайда болуының алдын алу үшін есігін ашып қойыңыз. Кір жуғыш машина пайдаланылмайтын кезде есігін ашық күйде қалдырыңыз. Люк манжетінің төменгі бөлігінде және жуғыш құралдарға арналған астауда суды жиналуы қалыпты құбылыс болып табылады.



#### Ескерту: күту режимі/энергия үнемдеуші режим

Қосылу машина бағдарламаны іске қосу алдында немесе ол аяқталғаннан кейін 2 минут ішінде белсендірілмесе, күту режиміне өтеді. Күту режимінде дисплей энергия үнемдеу мақсатында дисплей сөнеді. Күту режимін тоқтату үшін «Старт/Пауза» (Бастау/Үзіліс) батырмасын басыңыз.

### 6.13 Дыбыстық сигналды қосу және өшіру

Дыбыстық сигналды қажет болған жағдайда өшіруге болады:

1. Машинаны қосыңыз.
2. «Самоочистка» (Өзін-өзі тазалау) бағдарламасын таңдаңыз.
3. Бір мезгілде «Пар» (Бу) және «Полоск.» (Шаю) батырмаларын басып, шамамен 3 секунд ұстап тұрыңыз. Дисплейде **BEEP OFF** хабарламасы шығады және дыбыстық сигнал сөндіріледі.

Дыбыстық сигналды қосу үшін осы батырмаларды бір мезгілде қайта басу керек. Дисплейде **BEEP on** хабарламасы пайда болады.




### Экологиялық жауапты пайдалану

- ▶ Суды, энергияны, жуғыш құралды және уақытты оңтайлы пайдалануды қамтамасыз ету үшін максималды жуу көлеміне қатысты нұсқауларды орындау керек.
- ▶ Машинаны шамадан тыс жүктемеңіз (киімнің үстінде ені алақандай саңылау қалуы тиіс).
- ▶ Жуатын бұйымдар аз болған жағдайда «Быстрая стирка» (Жылдам жуу) бағдарламасын таңдаңыз.
- ▶ Әрбір жуғыш құралдың нақты дозасын пайдаланыңыз.
- ▶ Сәйкес келетін ең төмен жуу температурасын таңдаңыз – заманауи жуғыш құралдар ластануды 60 °C төмен температурада да тиімді тазалайды.
- ▶ Үнсіз келісім бойынша баптауларды қатты ластанған жағдайда ғана арттырыңыз.
- ▶ Жеке үйде кептіруді пайдаланғанда сығу кезінде барабанның максималды айналу жылдамдығын таңдаңыз.

**8.1 Жуғыш құралдарға арналған контейнерді тазалау**

Контейнердегі жуғыш құралдың қалдықтарын үнемі кетіріп отырыңыз. Контейнерді келесі тәсілмен тұрақты түрде тазалап отырыңыз (8-1 сур.):

1. Контейнерді соңына дейін сырғытыңыз.
2. Бекіткіш батырмасын басып, контейнерді машинадан шығарыңыз.
3. Контейнерді толығымен тазарғанға дейін сумен шайып, оны қайтадан машинаға салыңыз.


**8.2 Кір жуатын машинаны тазалау**

- ▶ Кір жуатын машинаны тазалау немесе күтім жасау барысында электрлік қуат беру шнұрының айырын розеткадан суырыңыз.
- ▶ Машинаның корпусын (8-2 сур) және резина элементтерін тазалау үшін сабынды жуғыш ерітіндіге малынған жұмсақ шүберекті пайдаланыңыз.
- ▶ Органикалық химикаттар немесе коррозия тудыратын еріткіштерді пайдалануға болмайды.


**8.3 Су беру клапаны және оның фильтрі**

Су берілісінің қақ сияқты қатты бөлшектермен бұғатталуының алдын алу үшін су беру клапанының сүзгісін жүйелі түрде тазалап отырыңыз.


- ▶ Электрлік қуат беру шнұрының айырын суырып және су берілісін тоқтатыңыз.
- ▶ Құю құбыршегін машинаның артқы қабырғасындағы клапаннан (8-4 сур.) және су беру кранынан бұрап алу арқылы шешіңіз.
- ▶ Фильтрді сумен шайып, оны қылшақтың көмегімен тазалаңыз (8-3 сур.).
- ▶ Фильтрді салып, құю құбыршегін орнына орнатыңыз.

**8.4 Барабанды тазалау**

- ▶ Барабаннан оған кездейсоқ түсіп кеткен металл заттар, түйрегітер, тиындар және т.б. шығарып отырыңыз (8-5 сур), себебі олар тат дақтарының пайда болуы және ақаулыққа себеп болуы ықтимал.
- ▶ Тат дақтарын кетіру үшін құрамында хлор болмайтын тазалау құралын қолданыңыз. Тазартқыш құралды өндірушінің нұсқауларын сақтаңыз.
- ▶ Тазалау үшін қатты заттарды немесе болат ысқыштарды пайдаланбаңыз.

**Ескерту: Өзін-өзі тазалау**

Профилактикалық күтім жасау мақсатында 3 айда бір рет әлеуетті зиянды заттар мен қоқыстарды кетіру үшін, кір салмастан «Самоочистка» (Өзін-өзі тазалау) бағдарламасын қосу керек. Контейнер бөліміне (1) аз мөлшерде жуғыш құрал құйып немесе арнайы тазартқыш құрал пайдалану керек.



## 8.5 Ұзақ уақыт пайдаланбау


Егер машинаны ұзақ уақыт бойы пайдаланбау жоспарланатын болса, онда келесі дайындық жұмыстарын жүргізу ұсынылады:

1. Электрлік вилканы розеткадан суырыңыз (8-6 сур.).
2. Су беруді өшіріңіз (8-7 сур.).
3. Ылғалдың жинақталуы және иістің пайда болуының алдын алу үшін есігін ашып қойыңыз. Кір жуғыш машина пайдаланылмайтын кезде есігін ашық күйде қалдырыңыз. Келесі пайдалану алдында қуат көзі кабелін, су беруді және су ағызатын құбыршекті мұқият тексеріңіз. Барлығының дұрыс орнатылғанына және ағып кетудің жоқтығына көз жеткізіңіз.



## Ескерту: Өзін-өзі тазалау

Ұзақ уақыт пайдаланбаған жағдайда, әлеуетті зиянды заттар және қоқыстан тазарту мақсатында контейнер бөліміне (2) аз мөлшерде жуғыш құрал құйып немесе арнайы тазартатын құрал қолданып, кір салмастан «Самоочистка» (Өзін-өзі тазалау) бағдарламасын қосу керек.



## 8.6 Сорғы сүзгісі



Сүзгіні айны бір рет тазалап, машинаның келесі жағдайларында сорғы сүзгісін тексеріңіз:

- ▶ Суды ағызбайды.
- ▶ Сығуды орындамайды.
- ▶ Жұмыс кезінде әдеттегіден тыс шу шығарады.




## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Күйіп қалу қаупі! Сорғы сүзгісіндегі су өте ыстық болуы мүмкін! Кез келген амалды іске асыру алдында судың салқындағанына көз жеткізіңіз.



1. Кір жуатын машинаны сөндіріңіз және қуат беру шнурының айырын розеткадан суырыңыз (8-8 сур.).
2. Сервистік шағын люкті қолмен басып, оны ашыңыз (8-9 сур.).
3. Суды ағызуда арналған тегіс ыдысты қойыңыз (8-10 сур.). Сүзгіден ағып шығатын су көлемі біршама көп болуы мүмкін!
4. Ағызу құбыршегін созып және оның ұшын ыдыстың үстінде ұстаңыз (8-10 сур.).
5. Ағызу құбыршегінің бітеуішін суырып алыңыз (8-10 сур.).
6. Суды толық ағызғаннан кейін ағызу құбыршегін жауып (8-11 сур.) және оны машина ішіне жинаңыз.
7. Сорғы сүзгісін сағат тіліне қарсы бағытта бұрап, оны шығарыңыз (8-12 сур.).
8. Ластануды кетіріңіз (8-13 сур.).

9. Сорғы сүзгісін мұқият, мысалы, ағын судың көмегімен тазалаңыз (8-14 сур.).
10. Сүзгіні қайтадан орнына мұқият орнатыңыз (8-15 сур.).
11. Сервистік шағын люкті жабыңыз.

**НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!**

- ▶ Сорғы сүзгісінің тығыздамасы таза және ақаусыз болуы керек. Егер қақпағы тығыз жабылмаса, су ағып кетуі мүмкін.
- ▶ Сүзгі өз орнында тұруы керек, керісінше жағдайда ағып кету орын алуы мүмкін.

Туындаған мәселелердің көпшілігінің шешімін пайдаланушы арнайы тәжірибесі болмаса да өз бетінше таба алады. Мәселе орын алған жағдайда, сатудан кейінгі қызмет көрсету ұйымына жүгіну алдында барлық көрсетілген себептерін тексеріңіз және төменде берілген нұсқауларды орындаңыз. «Клиенттерге қызмет көрсету» бөлімін қар.



## НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Техникалық қызмет көрсету алдында машинаны сөндіріп және электрлік қуат беру шнурының айырын розеткадан ажыратыңыз.
- ▶ Электрлік құрылғыға қызмет көрсетуді тек білікті электриктер ғана жүргізуі керек, себебі, қате жөндеу біршама кейінгі салдарға себеп болуы мүмкін.
- ▶ Қауіпті жағдайдың алдын алу мақсатында зақымдалған электрлік қуат беру кабелін тек дайындаушы, оның сервистік агенті немесе біліктілігі сәйкес маман ғана алмастыруы керек.

### 9.1 Ақпараттық кодтар

Келесі кодтар тек ақпараттық мақсатта шығады және жуу циклына қатысты болады. Олар қандай да бір әрекеттерді орындауды талап етпейді.

Код	Хабарлама
i:25	Жуу циклінің қалған уақыты 1 сағат 25 минутты құрайды.
6:30	Таңдалған кідіру уақытын қоса алғанда, жуу циклының қалған уақыты (циклдың аяқталуы) 6 сағат 30 минутты құрайды.
P--0/1/2/3	0/1/2/ 1, 2 немесе 3 қосымша шаю (Функциялық батырмалар – «Дополнительное полоскание» (Қосымша шаю) батырмасы бөлімін қараңыз) таңдалды.
End	Жуу циклі аяқталды. Кір жуғыш машина автоматты түрде өшеді.
cLoF	Балалардан бұғаттау белсендірілген.
Loct	Судың жоғары деңгейі, жоғары температурасы немесе сығу циклын орындауға байланысты есік жабық.
EEP OFF	Дыбыстық сигнал өшірілі.
EEP on	Дыбыстық сигнал қосулы.

### 9.2 Дисплейге код шыққан ақауларды жою

Мәселе	Себебі	Шешімі
CLr FLtr	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Су ағызудағы қате, 6 минут бойы су толық ақпайды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сорғы сүзгісін тазалаңыз.</li> <li>• Ағызу құбыршегінің орнатылуын тексеріңіз.</li> </ul>
E2	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бұғаттау қатесі</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Есікті дұрыс жабыңыз.</li> </ul>
E4	<ul style="list-style-type: none"> <li>• 8 минут өткен соң су деңгейі жеткіліксіз.</li> <li>• Су сифон әсері салдарынан ағызу құбыршегі арқылы ағады.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Кран ашық және су қысымы қалыпты екеніне көз жеткізіңіз.</li> <li>• Ағызу құбыршегінің орнатылуын тексеріңіз.</li> </ul>
E8	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Су деңгейі бойынша қорғаныс қатесі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.</li> </ul>
E5	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ағызу қатесі. Су 1 минут ішінде толық ақпайды («Освежить» (Сергіту) бағдарламасы).</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Сорғы сүзгісін тазалаңыз.</li> <li>• Ағызу құбыршегінің орнатылуын тексеріңіз.</li> </ul>

Мәселе	Себебі	Шешімі
F3	• Температура сезгегінің қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
F4	• Қыздыру қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
F7	• Электр қозғалтқыш қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
F9	• Су деңгейі сезгегінің қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
FEB or FE1 or FE2	• Байланыс қатесі.	• Сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға жүгініңіз.
Unb	• Бірқалыпты жүктемеу қатесі.	• Барабанға жүктелген кірді тексеріңіз және бірқалыпты орналастырыңыз. Жүктеме көлемін азайтыңыз.

### 9.3 Дисплейге код шықпаған ақауларды жою


Мәселе	Себебі	Шешімі
Кір жуғыш машина жұмыс істемейді.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағдарлама әлі іске қосылған жоқ.</li> <li>• Есік дұрыс жабылмаған.</li> <li>• Кір жуғыш машина қосылмаған.</li> <li>• Электр қуатының істен шығуы.</li> <li>• Балалардан бұғаттау белсендірілген.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Бағдарламаны тексеріңіз және оны іске қосыңыз.</li> <li>• Есікті дұрыс жабыңыз.</li> <li>• Машинаны қосыңыз.</li> <li>• Электрлік қуат көзін тексеріңіз.</li> <li>• Балалардан бұғаттауды өшіріңіз.</li> </ul>
Кір жуғыш машинаға су толмайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Су берілмейді.</li> <li>• Құю құбырышегінің майысуы.</li> <li>• Құю құбырышегінің сүзгісі толып қалған.</li> <li>• Су қысымы 0,03 МПа-дан төмен.</li> <li>• Есік дұрыс жабылмаған.</li> <li>• Сумен жабдықтаудағы ақаулық.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Суды жіберу кранын тексеріңіз.</li> <li>• Құю құбырышегін тексеріңіз.</li> <li>• Құю құбырышегінің сүзгісін тазартыңыз.</li> <li>• Судың қысымын тексеріңіз.</li> <li>• Есікті дұрыс жабыңыз.</li> <li>• Су беруді қамтамасыз етіңіз.</li> </ul>
Кір жуғыш машина суға толған кезде су ағады.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Су ағызатын құбырышектің көтеру биіктігі 80 см-ден аз.</li> <li>• Мүмкін, ағызу құбырышегінің ұшы суға жіберілген.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ағызу құбырышегі дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.</li> <li>• Ағызу құбырышегінің ұшы суда емес екеніне көз жеткізіңіз.</li> </ul>
Ағызу қателігі.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Ағызу құбырышегі бітелген.</li> <li>• Сорғы сүзгісі бітелген.</li> <li>• Ағызу құбырышегінің ұшы еден деңгейінен 100 см жоғары орналасқан.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Құю құбырышегін тазалаңыз.</li> <li>• Сорғы сүзгісін тазалаңыз.</li> <li>• Ағызу құбырышегі дұрыс орналасқанына көз жеткізіңіз.</li> </ul>
Сығу кезінде күшті діріл.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Тасымал бұрандаларының барлығы алынбаған.</li> <li>• Машина тұрақсыз күйде орналасқан.</li> <li>• Кір жуғыш машина дұрыс жүктелмеген.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Барлық тасымалдау бұрандаларын шешіңіз.</li> <li>• Қатты негізді бетті қамтамасыз етіп, машинаны тегістеңіз.</li> <li>• Жүктеменің салмағы мен біркелкі орналасқанын тексеріңіз.</li> </ul>
Кір жуғыш машина жуу циклы аяқталмай тұрып тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Су беру немесе электрлік қуат көзінің ақаулығы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Электрлік қуат көзін және сумен жабдықтауды тексеріңіз.</li> </ul>
Кір жуғыш машина біраз уақытқа тоқтайды.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дисплейде қате коды көрсетіледі.</li> <li>• Қате жүктеуге байланысты мәселе.</li> <li>• Бағдарлама жібіту циклін орындайды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Қате кодтарын тексеріңіз.</li> <li>• Жүктемені азайтыңыз немесе реттеңіз.</li> <li>• Бағдарламаны тоқтатып, қайта іске қосыңыз.</li> </ul>

Мәселе	Себебі	Шешімі
Барабанда және/немесе жуғыш құралға арналған контейнерде көбік тым көп.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жарамсыз жуғыш құрал.</li> <li>Жуғыш құралды шамадан тыс көп пайдалану.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жуғыш құралды таңдау бойынша ұсыныстарды тексеріңіз.</li> <li>Жуғыш құралдың мөлшерін азайтыңыз.</li> </ul>
Жуу уақытын автоматты реттеу.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жуу бағдарламасының ұзақтығы реттеледі.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Бұл қалыпты жағдай және функционалдылыққа әсер етпейді.</li> </ul>
Сығу кезіндегі бұзылу.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Барабандағы кірдің теңгерімді болмауы.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Машина жүктемесін тексеріп, сығу бағдарламасын қайта қосыңыз.</li> </ul>
Жуу нәтижесі қанағаттанарлықсыз.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Ластану дәрежесі таңдалған бағдарламаға сәйкес келмейді.</li> <li>Жуғыш құралдың мөлшері жеткіліксіз.</li> <li>Максималдық жүктеме асып кетті.</li> <li>Барабанда кір бірыңғай орналаспаған.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Басқа бағдарламаны таңдаңыз.</li> <li>Ластану деңгейі мен өндіруші ұсыныстарына сәйкес жуғыш құралды таңдаңыз.</li> <li>Жүктемені азайтыңыз.</li> <li>Киімді түзетіңіз.</li> </ul>
Киімде кір жуатын ұнтақтың қалдықтары.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Жуғыш құралдың ерімеген түйірлері кірде ақ дақ түрінде қалуы мүмкін.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Қосымша шаюды орындаңыз.</li> <li>Құрғақ кірдің іздерін щеткамен сүртіп көріңіз.</li> <li>Басқа жуғыш құралды пайдаланыңыз.</li> </ul>
Киімде сұр дақтар бар.	<ul style="list-style-type: none"> <li>Майлар, кремдер немесе майлар сияқты майлардың әсерінен туындайды.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>Кірді арнайы тазалағыш көмегімен жууға дайындаңыз.</li> </ul>

## **i** Ескертпе: артық көбіктену

Егер сығу циклі орындау кезінде көбік тым көп пайда болса, қозғалтқыш тоқтап, су төгетін сорғы 90 секунд жұмыс істейді. Егер ондай талпыныс 3 рет қатарынан нәтижесіз аяқталса, бағдарлама сығуды орындамай тоқтайды.

Егер қателер туралы хабарлама қабылданған шаралардан кейін де пайда болса, машинаны өшіріңіз, электрлік қуат көзін өшіріңіз және клиенттерді қолдау қызметіне хабарласыңыз.



### 9.4 Электрлік қуат көзі істен шыққан жағдайда

Қолданыстағы бағдарлама мен оның баптаулары сақталады. Электр қуаты қалпына келген соң жұмыс қайта басталады.

Егер электр қуаты бағдарлама орындалып жатқанда істен шықса, есік механикалық түрде бұғатталады. Егер кірді шығару қажет болса, су деңгейі әйнек есіктен көрініп тұрмағанына көз жеткізіңіз. – Күйіп қалудан сақтаныңыз!

- ▶ «КҮТІМ ЖӘНЕ ТАЗАЛАУ (СОРҒЫ СҮЗГІСІ) бөліміндегі 1-6-қадамдарды орындап, су деңгейін төмендетіңіз.
- ▶ Есік шырт етіп бұғаттан шыққанша, сервистік люк (9-1-сур.) астындағы иінтіректі (А) тартыңыз.
- ▶ Барлық элементті орнына қойып, сервистік люкті жабыңыз.

**i** Кір жуғыш машина пайдаланушы үшін қауіпсіз күйде болғанда (су деңгейі белгілі бір қашықтыққа тексеру люкінен төмен, бактың температурасы 55 °С-тан төмен, ішкі бак айналмайды), машинаның есігін ашуға болады.

### 10.1 Дайындау

- ▶ Кір жуғыш машинаны қаптамадан шығарыңыз.
- ▶ Пенопластан жасалған табанын қоса алғанда, барлық қаптау материалын алыңыз және балалардың қолы жетпейтін жерге қойыңыз. Қаптаманы ашу ба-рысында пластик пакет пен жүктеу люгінен су тамшыларын байқауға болады. Бұл суды пайдалану арқылы зауыттық сынақпен туындаған қалыпты құбылыс.



#### Ескерту: қаптаманы жою


Барлық қаптау материалдарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз және оларды қоршаған орта үшін қауіпсіз түрде кәдеге жаратыңыз.

### 10.2 Шужұтқыш төсемдерді орнату жөніндегі нұсқаулар

1. Термошөгімді қаптаманы ашқанда ішінде бірнеше шужұтқыш төсемі бар түтік болады. Олар шуды азайту үшін қолданылады (10-1-сур.).
2. Шужұтқыш төсемдерді түтікшеден алып, екіжақты жабысқақ қорғаныш қабығын алып тастаңыз; шужұтқыш төсемдер кір жуғыш машина корпусының астына, 2-суретте көрсетілген орындарға (екі ұзын төсем – 1 және 2-орында, екі қысқа төсем – 2-4-орында) орналасады. Төсемдерді орнатқан соң машинаны тік қалпына қайта қойыңыз.

#### Кеңес:


шужұтқыш төсемдер шуды азайтатын қосымша элементтер және пайдаланушы өз қалауы бойынша орнатады не орнатпайды.




### 10.3 Тасымалдау бұрандаларын алыңыз

Тасымалдау бұрандалары ішкі зақымдануды болдырмау үшін тасымалдау кезінде машина ішіндегі дірілге қарсы компоненттерді бекітуге арналған.

1. Артқы қақпағын алыңыз (10-2-сур.).
2. Артқы қабырғадағы барлық 4 бұранданы алып, машина ішінде орналасқан пластик бөлшектерді (A) шығарыңыз (10-3-сур.).





3. Артқы қақпағын екі саңылауға қойып, орнына дөңес жағын сыртына қаратып орнатыңыз (10-4-сур.).

4. Қалған саңылауларға бітегіш қойыңыз (10-5-сур.).




### Ескертпе: қауіпсіз жерде сақтаңыз

Тасымалдау бұрандаларын кейін пайдалану үшін қауіпсіз жерде сақтаңыз. Құрылғы орнын ауыстырар алдында әрдайым осы бұрандаларды орнына қойыңыз.

### 10.4 Машинаның орынын ауыстыру

Егер кір жуғыш машинаны басқа орынға қою қажет болса, зақымдалуына жол бермеу үшін тасымалдау бұрандаларын қайта орнатыңыз:

1. Бітеуіштерді алыңыз.
2. Артқы қақпағын алыңыз.
3. Пластик бөлшектер мен тасымалдау бұрандаларын қойыңыз.
4. Бұрандаларды кілтпен тартыңыз.
5. Артқы қақпағын орнына қойыңыз.



### 10.5 Машинаны түзеу

Барынша түзу орналастыру үшін барлық аяқшасын (10-6-сур.) реттеңіз. Бұл дірілдеуін барынша азайтады, нәтижесінде жұмыс кезінде шу да аз болады. Түзеу сонымен қатар машинаның табиғи тозуын азайтады. Тегістеу үшін спирттік деңгейді пайдалану ұсынылады. Еден мүмкіндігінше қатты әрі тегіс болуға тиіс.

1. Сомындық кілт көмегімен қарсысомынды (1) босатыңыз.
2. Биіктікті аяқты (2) бұру арқылы реттеңіз.
3. Машина корпусындағы қарсысомынды (1) тартыңыз.

### 10.6 Су ағызу үшін қосу

Ағызу құбыршегін су құбырына дұрыс қосыңыз. Құбыршектің жоғарғы нүктесі машина түбінен 80-нен 100-ге дейінгі см биіктікте тұруға тиіс. Мүмкіндігінше ағызу құбыршегін үнемі машинаның артқы бөлігіндегі қысқышқа бекітіңіз.



#### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Қосу үшін машинамен бірге берілген құбыршектер жинағын ғана қолданыңыз.
- ▶ Ешқашан ескі құбырішек жинағын пайдаланбаңыз!
- ▶ Қыю құбыршегін суық су құбырына ғана қосыңыз.
- ▶ Қосу алдында судың тазалығы мен мөлдірлігін тексеріңіз.

Келесі қосу нұсқалары болуы мүмкін:

#### 10.6.1 Ағызу құбыршегін шұңғылшаға орнату



- ▶ Ағызу құбыршегін U тәрізді тіреу көмегімен өлшемі сәйкес келетін шұңғылша шетіне іліңіз (10-7-сур.).
- ▶ U тәрізді тіреудің шұңғылшадан сырғуын болдырмау үшін қажет шараларды қолданыңыз.

#### 10.6.2 Ағызу құбыршегін кәріз жүйесіне қосу

- ▶ Желдеткіш тесігі бар баған құбырының ішкі диаметрі кемінде 40 мм болуы керек.
- ▶ Ағызу құбыршегін кәріз құбырына шамамен 80 мм тереңдікте орнатыңыз.
- ▶ U тәрізді тіреуді қосып, мықтап бекітіңіз (10-8-сур.).


#### 10.6.3 Ағызу құбыршегін шұңғылшадағы ағызғышқа қосу

- ▶ Құбырішекті жалғау сифоннан жоғары орналауы тиіс.
- ▶ Жалғағыш келтеқұбыр әдетте төсеммен жабылады (А). Дұрыс жұмыс істеуін қаматамасыз ету үшін бұл төсемді жою қажет (1-9-сур.).
- ▶ Ағызу құбыршегін қамытпен бекітіңіз.



#### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Ағызу құбыршегін суға батыруға болмайды. Ол сенімді түрде бекітілген және герметикаланған болуы тиіс. Егер ағызу құбыршегі жерге төселсе немесе құбырдың биіктігі 80 см-ден аз болса, кір жуғыш машина толтыру кезінде суды үздіксіз төгіп тұрады (автоматты түрде төгу).
- ▶ Су ағызу құбыршегін ұзартуға тыйым салынады. Қажет болса сатқаннан кейін қызмет көрсететін ұйымға хабарласыңыз.



### 10.7 Құбыр суын беру үшін қосу

Тығыздауыштар орнатылғанына көз жеткізіңіз.

1. Су құятын құбыршекті иілген ұшымен машинаға қосыңыз (10-10 сур.). Бұрандалы қосылысты қолмен созыңыз.
2. Су құятын құбыршектің екінші ұшын су беретін кранға 3/4 дюйм бұрандамен қосыңыз (10-11-сур.).



#### Ескертпе: «Аквастоп» су ағудан қорғау жүйесі


Кейбір модельдер су ағудан қорғайтын «Аквастоп» жүйесі бар су құятын құбыршекпен жабдықталады (B). «Аквастоп» жүйесі су құятын құбыршек зақымдалған жағдайда құбырдан келетін суды автоматты өшіру арқылы пайдаланушының мүлкін су салдарынан болған зақымдалудан қорғайды. Қорғаны іске қосылғаны қызыл көрсеткіштен білінеді (C). Мұндай құбыршекті алмастыру қажет.

### 10.8 Электр көзіне қосу

Әр қосу алдында мыналарды тексеріңіз:

- ▶ қуат көзі, резеткі және сақтандырғыш зауыт тақтайшасында көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.
- ▶ розетка жерге тұйықталған, бірнеше орынды таратқыштар немесе ұзартқыштар пайдаланылмайды.
- ▶ вилка мен розетка бір-біріне қатаң сәйкес келеді.

Электр сымның ашасын резеткіге қосыңыз (10-12-сур.).



#### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- ▶ Барлық қосылыс (электр көзінің, су ағызу және беру құбыршегі) толық тартылғанын, құрғақ және су ағатын жері жоқ екенін қадағалаңыз!
- ▶ Бұл бөліктер ешқашан жаншылмауын, майыспауын және бұралмауын қадағалаңыз.
- ▶ Егер электр сымы зақымдалса, қауіптің алдын алу үшін оны ауыстыру керек. Бұл жұмысты қызмет көрсету агенті орындауы керек (кепілдік талонын қараңыз).



#### Ескертпе: «Гигиена» бағдарламасы

Орнатқаннан кейін немесе ұзақ қолданбаған соң алғаш кір жуар кезде зиян заттар мен қоқыстан тазарту үшін кір салмай және контейнерге аз ғана жуғыш құрал қосып немесе арнайы тазартқыш көмегімен «Гигиена» бағдарламасын іске қосып, профилактикалық күтім жасауға кеңес беріледі.

## 11.1 Технические характеристики

Жеткізуші атауы немесе сауда белгісі	Haier
Жеткізуші моделінің сәйкестендіргіші	HW90-BP14929A HW90-BP14929AS HW90-BP14929B HW90-BP14929BS
Номиналды жүктеу (кг)	9
Энергия тиімділігінің класы	A+++
Жылдық электр энергиясын тұтынуы (АЕС, кВт•сағ/жыл) <sup>1)</sup>	121
«Хлопок» (Мақта) стандарт бағдарламасы бойынша 60 °C температурада және толық жүктемемен жуу кезіндегі электр энергиясының шығыны (кВт•сағ / цикл)	0,56
«Хлопок» (Мақта) стандарт бағдарламасы бойынша 60 °C температурада және ішінара жүктемемен жуу кезіндегі электр энергиясының шығыны (кВт•сағ / цикл)	0,56
«Хлопок» (Мақта) стандарт бағдарламасы бойынша 40 °C температурада және ішінара жүктемемен жуу кезіндегі электр энергиясының шығыны (кВт•сағ / цикл)	0,47
Өшірілген күйдегі өлшенген тұтынылатын қуаттылық (Вт)	0,44
Сөндірулі күйдегі өлшенген тұтыну қуаты (Вт)	0,49
Жылдық су тұтынуы (AWC л/жыл) <sup>2)</sup>	9649
Сығу/кептіру режимінің тиімділік класы <sup>3)</sup>	B
Сығу кезінде барабанның максимал айналу жылдамдығы (айн/мин) <sup>4)</sup>	1390
Қалған ылғал мөлшері (%) <sup>4)</sup>	53
60 °C температурадағы «Хлопок» (Мақта) стандарт бағдарламасы <sup>5)</sup>	«Хлопок+» (Мақта+) 60 °C +1400 айн/мин
40 °C температурадағы «Хлопок» (Мақта) стандарт бағдарламасы <sup>5)</sup>	«Хлопок+» (Мақта+) 40 °C +1400 айн/мин
60 °C температурада және толық жүктемеде «Хлопок» (Мақта) бағдарламасын орындау уақыты (мин.)	290
60 °C температурада және ішінара жүктемеде «Хлопок» (Мақта) бағдарламасын орындау уақыты (мин.)	295
40 °C температурада және ішінара жүктемеде «Хлопок» (Мақта) бағдарламасын орындау уақыты (мин.)	290
Қосулы күйде қалу ұзақтығы (мин.) <sup>6)</sup>	3,0
Ауадағы акустикалық шу деңгейі (жуу/сығу), дБ(А) сал. 1 пВт <sup>7)</sup>	54/74
Типі	жеке тұратын

1) 60 °C және 40 °C-та толық және ішінара жүктемемен «Хлопок» (Мақта) бағдарламасы бойынша 220 стандарт жуу циклы, сонымен қатар электр үнемдейтін режимдерде электр энергиясын жұмсау негізінде. Энергияны шынайы тұтынуы кір жуғыш машина қалай қолданылатынына байланысты.

2) 60 °C және 40 °C-та толық және ішінара жүктемемен «Хлопок» (Мақта) бағдарламасы бойынша 220 стандарт жуу циклы негізінде. Суды шынайы тұтынуы кір жуғыш машина қалай қолданылатынына байланысты.

3) G санаты тиімділігі аз болып табылады, ал A санаты - біршама тиімді болып табылады.

4) 60 °C-та толық және 40 °C-та ішінара жүктемемен «Хлопок» (Мақта) стандарт бағдарламасы негізінде.


5) 60 °C-тағы «Хлопок» (Мақта) стандарт бағдарламасы мен 40 °C-тағы «Хлопок» (Мақта) стандарт бағдарламасы заттаңба мен бұйым туралы деректегі ақпараттарды қамтитын стандарт жуу бағдарламалары болып табылады. Бұл бағдарламалар кірлену деңгейі әдеттегі мақта киімді жууға жарайды және жалпы энергия, су тұтыну тұрғысынан анағұрлым тиімді саналады.

6) Электр қуатын басқару жүйесі болса.

7) МЭК стандарт сынақ бағдарламасы негізінде: «Хлопок+» (Мақта+) + макс. сығу жылдамдығы + P-1 баптау.

## 11.2 Қосымша техникалық сипаттамалар

Модельдің атауы	HW90-BP14929A HW90-BP14929AS HW90-BP14929B HW90-BP14929BS
Өлшемдері (БхЕхТ, мм)	850x595x497
Кернеуі, В	220-240 В~/50 Гц
Ток күші, А	10
Макс. қуаты, Вт	1950
Су қысымы, МПа	0,03<P <1
Таза салмағы, кг	64



БҰЙЫМ ӨЛШЕМІ	HW90-BP14929A/HW90-BP14929AS HW90-BP14929B/HW90-BP14929BS
A Бұйымның жалпы биіктігі, мм	850
B Бұйымның жалпы ені, мм	595
C Бұйымның жалпы тереңдігі, (негізгі басқару панеліне дейін), мм	497
D Бұйымның жалпы тереңдігі, мм	583
E Жүктеу люгінің есігі ашық тұрғандағы бұйымның тереңдігі, мм	1045
F Есігі еркін ашылу үшін машина мен көрші қабырға арасындағы саңылаудың минимал көлемі, мм	400

Ескертпе: машинаңыздың нақты биіктігі аяқшалары машина түбінен қаншалықты көтеріліп тұрғанына байланысты. Сіз машинаны орнататын кеңістік оның өлшемінен кем дегенде 40 мм кеңірек және 20 мм тереңірек болуға тиіс.

### Клиенттерді қолдау қызметі

Haier компаниясының тұтынушыларға қолдау көрсету қызметіне, сондай-ақ түпнұсқалық қосалқы бөлшектерді пайдалануға кеңес береміз. Егер сіздің тұрмыстық техникамен қиындықтарыңыз болса, алдымен «Ақауларды жою» бөлімін оқып шығыңыз.

Егер де сіз проблемаңыздың шешімін таба алмаған болсаңыз, мынаған жүгініңіз:

— біздің ресми дилерімізге немесе

— колл-орталыққа қоңырау шалыңыз:

8-800-070-01-29 (PK)

— <https://haieronline.kz/> сайтына кіріңіз, онда сіз қызмет көрсету туралы сұрау жібере аласыз және жиі қойылатын сұрақтарға жауап таба аласыз.

Қызмет көрсету орталығына хабарласқан кезде, төмендегі ақпаратты дайындаңыз, ол сіз төлтеушінің атына және тексеруге болады:

Улгісі \_\_\_\_\_

Сериялық нөмірі \_\_\_\_\_

Сатылған күні \_\_\_\_\_



Сонымен қатар, кепілдіктің және сатылғаны туралы құжаттардың болуын тексеріңіз.

Маңызды! Кір жуғыш машинада сериялық нөмірінің болмауы өндіруші үшін кір жуғыш машинаны сәйкестендіруді және нәтижесінде кепілдік қызмет көрсетуді мүмкін емес етеді. Кір жуғыш машинадан зауыттық сәйкестендіру тақтайшаларын алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық тақтайшалардың болмауы кепілдік міндеттемелерді орындаудан бас тартуға себеп болуы мүмкін.

Осы құжатқа алдын ала ескертусіз бір өзгерістердің енгізілуі мүмкін. Өндіруші бұдан әрі ескертусіз бұйымның дизайны мен жабдықтарына өзгерістер енгізуге құқылы.

Өнімді онда көрсетілген белгілерге сәйкес бастапқы орауышына тасымалдау және сақтау керек.

Жүктеу, түсіру және тасымалдау кезінде абай болыңыз.

Көлік құралы және коймасы сақтау өнімді атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданудан қорғауы керек.

# КЕПІЛДІК ШАРТТАРЫ

## Құрметті сатып алушы!

Haier корпорациясы мына мекенжай бойынша орналасқан: таңдауыңыз үшін алғыс айтады білдіреді және пайдалану ережелерін ұстанған кезде осы бұйымның жоғары сапасы мен мінсіз жұмыс атқаратындығына кепілдік береді. Тұрмыста пайдалану үшін арналған тұрмыстық бұйымның жұмысқа жарамды ресми мерзімі: бұйым кесімді тұтынушыға табысталған күннен бастап теледидарларға, микротолқынды пештер — 5 жыл, жыл, шаңсорғыштарға — 4 жыл, қалған тауарларға — 7 жыл. Өнімнің жоғары сапасын ескере отырып, нақты қызмет ету мерзімі ресми қызмет ету мерзімінен әлдеқайда ұзағырақ болуы мүмкін. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін және ұсынымдар алу үшін Авторландырылған сервистік орталыққа жүгінуіңізді сұраймыз. Барлық өнім пайдалану шарттарын ескере отырып өндірілген және Еуразиялық экономикалық (кедендік) одақтың техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келеді.

Түсінбеушіліктерді болдырмау үшін сатып алу кезінде пайдалану құжаттамасы мен кепілдік шарттарын мұқият оқып шығуыңызды сұраймыз. Осы бұйым тұрмыстық мақсаттағы техникалық күрделі тауар болып табылады. Егер Сіз сатып алған бұйым арнайы орнатуды және іске қосуды талап еткен болса, Біз сізге Haier уәкілетті қызмет көрсету орталығына хабарласуды ұсынамыз.

Haier корпорациясы бұйымның ақаулары анықталған жағдайда қолданыстағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі заңнамамен, басқа нормативтік актілермен белгіленген тұтынушылардың талаптарын қанағаттандыру жөніндегі міндеттемелерді өзіне қабылдағанын растайды. Бірақ Haier корпорациясы төменде аталған шарттарды сақтамаған жағдайда кепілдікті де, де бас тарту құқығын өзіне қалдырады.

## Кепілдікті және шарттары

Haier корпорациясы тауарды тұтынушыға табыстап берген күннен бастап 12 ай\* кепілдікті мерзімді белгілейді. Ықтимал түсінбестікке жол бермеу үшін бұйымды сатқан кезде оған қоса берілетін құжаттарды (тауар чегі, кассалық чек, пайдалану құжаттамасы) қолдану мерзімі ішінде сақтаңыз.

Кепілдікті тек уәкілетті Haier қызмет көрсету орталықтары көрсетеді. Уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының толық тізімін алу үшін келесі нөмірлерге қоңырау шалу арқылы Haier байланыс орталығына хабарласыңыз:

**8 (800) 070-01-29** — Қазақстаннан келген тұтынушылар үшін (Қазақстан өңірлерінен тегін қоңырау шалу)

немесе <https://haieronline.kz/> сайтында немесе [support-kz@haieronline.kz](mailto:support-kz@haieronline.kz) электрондық поштасында.

Уәкілетті қызмет көрсету орталықтары өзгеруі мүмкін, толық ақпарат алу үшін Haier байланыс орталығына хабарласыңыз.

## Кепілдікті көрсету ақаулары келесі салдарынан туындаған бұйымдарға таратылмайды:

- тұтынушының тауарды пайдалану, сақтау және/немесе тасымалдау шарттары мен ережелерін бұзу;
- бұйымды дұрыс орнатпау және/немесе іске қосу;
- тоңазыту контурымен және электрлік қосылыстармен жұмыс технологияларын бұзу, сондай-ақ Бұйымды монтаждау үшін құжаттармен расталған, тиісті біліктілігі болмаған тұлғаларды тарту;
- пайдалану құжаттамасында талап етілгендей, Тауарға уақтылы қызмет көрсетілмесе;
- суқұбыр желісіндегі артық немесе жеткіліксіз қысым;
- бұйымның осы түріне сәйкес келмейтін жуғыш құралдарды қолдану, сондай-ақ жуғыш құралдардың мөлшерлемесін асып кету;
- бұйымды тағайындалмаған мақсаттарында пайдалану;
- үшінші тұлғалардың әрекеттері: уәкіл етілмеген тұлғалармен жөндеу немесе өндірішпен санкцияланбаған құрылмалық немесе сұлбалық техникалық өзгерістерді енгізу;
- Стандарттардан және желілерді қуаттаушы нормалардан ауыту;
- еңсерілмейтін күштердің әрекеттері (апат, өрт, найзағай және т.б.);
- жазатайым оқиғалар, тұтынушының немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе абайсыз әрекеттері;
- егер бұйым ішіне бөгде заттар, сұйықтықтар, жәндіктер, жәндіктердің тіршілік ету өнімдері түскеннен ақаулар анықталған болса;
- су жылытқыштың сумен толтырылмаған / толық толтырылмаған бөгің қосу салдарынан термоқорғаныстың іске қосылуы.

## Кепілдікті көрсету келесі жұмыс түрлеріне таратылмайды:

- бұйымды пайдалану жерінде орнату және іске қосу;
- тұтынушыға бұйымды пайдалану жөнінде нұсқалама және кеңес беру;
- бұйымды сырттан немесе ішінен тазарту.

## Төменде аталған шығыс материалдар мен аксессуарлар кепілдікті көрсетуге жатпайды:

- желдеткіштерге арналған сүзгілер;
- кір жуғыш / ыдыс жуғыш машиналар үшін суды жеткізуге / ағызуға арналған сүзгілер, құбыршектер;
- шаңсорғыштарға арналған құбыршектер, түтіктер, қылшақтар, қондырмалар, шаңжинағыштар;
- қысқа толқынды пештерге арналған тәрелкелер, істіктер, ыдыстар мен тіреуіштер;
- сүзгілер, иісті сіңіргіштер, ләмпішкелер, сөрелер, жәшіктер, тіреуіштер және тағамдарды тоңазытқышта сақтауға арналған өзге сыйымдылықтар;
- басқару пульстері, аккумуляторлық батареялар, қуаттандыру элементтері, сыртқы қуаттандыру блоктары және зарядтау құрылғылары;
- бұйымға қоса берілетін құжаттама.

Бұйым мерзімді қызмет көрсету (сүзгілерді ауыстыру және т.б.) тұтынушының қалауы бойынша қосымша төлеу арқылы жүргізіледі.

**Маңызды!** Аспапта сериялық нөмірінің болмауы Өндірісшіге аспапты сәйкестендіру мүмкіндігін бермейді және осы салдарынан оған қызмет көрсету мүмкіндігі болмайды. Аспапта зауыттық сәйкестендіруші маңдайшаларды алып тастауға тыйым салынады. Зауыттық маңдайшаларының зақымдалуы немесе болмауы кепілдікті міндеттемелерден бас тартудың себебі болуы мүмкін.

\* Кір жуатын/ кептіретін/ ыдыс жуатын машинаның инверторлық моторына, тоңазытқыш/ мұздатқыштың инверторлық компрессорына, кептіретін машинаның компрессорына кепілдік мерзімі - тауар Тұтынушыға берілген күннен бастап 12 жыл. Кір жуатын/кептіретін машинаның тура жетекті моторына (статор, ротор) шексіз кепілдік беріледі.

Изготовитель: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Room S401, Haier Brand building, Haier Industry park Hi-tech Zone, Laoshan District, Qingdao, China

Өндіруші: «Haier Overseas Electric Appliances Corp. Ltd.», Рум S401, Хайер бренд билдинг, Хайер индастри парк Хай-тек зон, Лаошан дистрикт, Циндао, Қытай

Уполномоченная организация/  
импортер: ООО «ХАР», 121099, город Москва, Новинский бульвар, дом 8, этаж 16, офис 1601.  
Тел.: 8-800-250-43-05,  
адрес эл. почты: info@haierrussia.ru

Қазақстан Республикасындағы уәкілетті ұйым/импорттаушы: «Хайер Мидл Эйжа» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Достық даңғылы, 210 ғимарат.  
Тел.: 8-800-070-01-29,  
эл.поштаның мекенжайы: support-kz@haieronline.kz

Уполномоченная организация в Республике Казахстан: ТОО «Хайер Мидл Эйжа», 050000, город Алматы, Медеуский район, Проспект Достык, дом 210.  
Тел.: 8-800-070-01-29,  
адрес эл. почты: support-kz@haieronline.kz

Сделано в Китае  
Қытайда жасалған

Дата изготовления и гарантийный срок указаны на этикетке устройства

Шығарылған күні және кепілдік мерзімі құрылғының заттаңбасында көрсетілген





**Haier**

0020506943QQ